

Оқушылардың республикалық олимпиадасы

II тур
10-сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	...Елі үшін құрбандыққа жанын берген, Бит, бүрге, қандалаға қанын берген. Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде, Зарығып алаш үшін бейнет көрген. Үзінді кімнің өлеңінен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.
2	Қазақ әдебиеті	Ойламай, белді бекем будым неге? Қозымды қас дұшпандай қудым неге? Майысып, Ноян қалқам, ерке марқам, Қасқайып қарсы алдымда тұрдың неге? (Мағжан «Батыр Баян») 1. Өлеңде арнауның қай түрі қолданылған, ережесін айтыңыз: А) зарлай В) сұрай С) риторикалық D) жарлай E) символ 2. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі және жасалу жолын айтыңыз А) қара өлең В) шалыс С) шұбыртпалы D) аралас E) ерікті

3	Қазақ тілі	<p>Сөйлемге толық синтаксистік талдау жасаңыз.</p> <p>Балалар ауылға беттерін бұрғанша, ойға таман түсіп келе жатқан қалың көш көрінді.</p>
4	Қазақ тілі	<p>Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз.</p>
5	Тіл мәдениеті	<p>Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>Ертеде халқымыз ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина я жүзік болуы керек деп санаған. Қазақ арасындағы «Сақинаны сәнге салмайды, ол – тазалыққа таразы», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» дегендей тіркесті ұғымдар сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық қызмет те атқаратынын дәлелдейді.</p> <p>Мұның өзі халықтың сақина соғылатын күміс не алтынның таттануға ұшырамайтынын, судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізіп, денсаулыққа жағымды әсер ететінін ертеден-ақ аңғарғанын көрсетсе керек. Күні бүгінге дейін ауылдық жерлерде жас келіншек нәрестесін шомылдырар алдында оған сол үйдің үлкендері (енесі не абысыны) «Қолыңа сақина салып ал, тазалыққа тән болады» деп ескертіп отырады. Олай болса, нәрестені қыркынан шығарғанда оны шомылдыратын суға алтын не күміс сақина немесе білезік салу дәстүрі оларды соған қатыстырып отырған әйелдерге сыйлық ретінде үлестіру үшін ғана емес, осында асыл бұйымдарды қасиетті санаудан, тазалыққа мән беруден де шыққан.</p> <p>Медициналық тұрғыдағы сақина салудың пайдалары жетерлік. Мәселен, саусаққа тағылған сақина – бүйрек, бауыр, өт, жүрек, жүйкеге тікелей байланысты жүйке нүктелерін дөп басып, бүкіл қантамыр жүйелеріне оң әсер етеді екен.</p> <p>I. Қазақ тілінде қандай стильдер бар? Берілген мәтін қай стильге жатады?</p> <p>II. Сақина жүзік салудың бар пайдасын 3-4 сөйлемге сыйдырып жаз.</p>

- Тапсырманың орындалу уақыты 120 минут